







Қышқылдық оксидтер. Қышқылдық оксидтер дегеніміз сумен әрекеттесуінен түзілген гидраттары қышқыл болып келетін оксидтер:



Кейбір қышқылдық оксидтер сумен тікелей әрекеттеспейді. Оларға сәйкес келетін қышқылдарды жанама жолмен алады, ал суда ерімейтін қышқылдық оксидті оған сәйкес келетін қышқылды қыздыру арқылы алады:





Қышқылдық оксидтер негіздермен, негіздік оксидтермен әрекеттесіп тұздар түзеді:



Қышқылдық оксидтерге негізінен бейметалдардың оксидтері, сонымен қатар, көптеген жоғарғы оң тотығу дәрежесін көрсететін металдардың оксидтері (MoO_3, As_2O_5, CrO_3) жатады.



Амфотерлік оксидтер. Амфотерлік деп реакцияның жүру жағдайына байланысты әрі қышқылдық, әрі негіздік оксидтердің қасиеттерін көрсететін немесе қышқылдармен де, негіздермен де әрекеттесетін оксидтерді айтады. Амфотерлік оксидтерге ZnO, SnO, Cr_2O_3, MnO_2 жатады.

Мысалы, алюминий оксидінің амфотерлік қасиеті оның әрі қышқылмен, әрі негізбен әрекеттесуінен көрінеді:





Оксидтерді алу тәсілдері.


1. Көптеген жай заттар оттекпен тікелей әрекеттесіп оксидтер түзеді. Мысалы,




2. Негіздер мен қышқылдарды қыздырып ыдырату арқылы алу:



3. Орта, қышқыл және негіздік тұздарды қыздырып ыдырату арқылы алу:



4. Тотықтырғыш қышқылдардың металдармен және бейметалдармен әрекеттесуі арқылы алу:



5. Әр түрлі органикалық заттардың жануы:

